

1 2011  
28 2 14 к

Акжан ал-Машани

ШАНЫРАК







**АЮЖАН ЭЛ-МАШАНИ**

**КӨП ТОМДЫҚ ШЫГАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ**

**ОНЫНШЫ ТОМ**

**Редакциялық алқа:**

*Әділов Ж.М., Сүлеев Д.Қ., Абдраман Ш.А.,  
Кененбай Ы.С., Машанов Ә.А., Сыдықов Ұ.С*

**“Алатай“  
баспа-полиграфиялық  
корпорациясы  
Алматы 2008**

ГЕНУ-НОН-ДИФАРМ



Гену-Нон-Дифарм  
Фабрика  
Адматр 2008

## АҮЖАН ӘЛ-МАШАНИ

# ШАҢЫРАҚ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылды

**M32 Машани А.Ж.**

**Шаңырақ**—Алматы: “Алатау” баспасы, 2008 ж.—236 б

**ISBN 9965-807-27-2**

Бұл кітапқа автордың “Шаңырақ”, “Ажар ана және бал ара”, “Ғалами жәдігер” еңбектері топтан беріліп отыр. Фараби тану кәне ғылыми-ислами негізінде жазылған қазақтың дүние ганымдық түсінігінің кең екенін дәлелдейді. Шығармалар қөшпілік оқушыларға арналған.

*Кітапты құрастырган және жалпы редакциясын қараган  
Ш.Абдраман*

ББК 87.2 Қаз

**ISBN 9965-807-27-2**

© “Алатау” баспасы, 2008  
© Әл-Машани А.Ж. 2008  
© “Әл-Машани” ХҚҚ, 2008

## **МӘДЕНИ ЖӘДІГЕРЛЕР ШАҢЫРАҒЫ** **(Алғы сез)**

Мемлекет атын берген ұлт пешенесіне тәнті мәдени мұраны түгендеп игерудегі игі іс басталып та кетті. Бұрын бізде не бар еді – деп томсырағандай болсақ, енді сол шектеулердің көбесі сөгілгендей, енді тарих тұңғирығынан аршылған ұлттық құндылықтар көкжиегі кеңсейс түскендей күй кешудеміз. Мұның қайсысын бірінші кезекте бойға пайыздатсақ еken, не болмаса мұның қайсысын бүгінгі болмыстық істе арқау етсек еken дегендей өмір талабының үрдісімен үндесетіндей олардың көкейкестілік мәнін анықтатар талдау мен талғау алдында тұрғандай сөзінетініміз осыдан болса керек.

Әрине, бүгінгі мәдени мұрамыз дегізетін құндылықтар бір күнде құрыла қалмаған, не болмаса, ғайыптан табылғандай аспаннан түсе қалған олжа еместігін, мұның сонау ықылым заманнан бүгінгі дара есімғс айналған елдің тұрмыс-тіршілігі барысында өзіне ғана еншілер ұлттық болмысымен біте қайнай бекіп, мықалдап жиналған, өзгеден даралайтын реңіне еніп – бүгінді мәдени мұрамыз дегізетін қазына болып қалыптасты емес пе?!

Демек, мәдени мұрамызын тани алсақ, алдымен оның жүйелік арқауын даралай, саралай білуіміз де керек. Мұндайда бүгінгі мәдени мәуесін жәйған бәйтерек бұтактарының өзегін-сабағын, нәр алар тамырының тереңдегі бастау берген түбірі – нс еді деген сауалдың да туындауы ғажап емес. Бұл сауалдың жауабын ашық іздеуші арамыздан әзірге табыла коймағанымен, казактың ұлттық рухани дүниесінің ұрығын, ұйытқысын аныктайтын белгісі іспетіндес ауызға алар, көлденең тартар болмыстық дәлеліміз болуға тиісті ғой. Оның атауы нс, сонда?!

Маған бұл ой өзіме рухани ұстаз тұтатын Ақжан Машани мұраларын жинақтай жүріп, ғылыми ислами тұрғысында жазылған «Шанырак» деп атау берген зерттеуін зерделеу кезінде жиі бой көрсеткендей болды.

«Менің әл-Фарабиға баруыма демеу болған ана тілімнің құдышеті, дінім және бүгінгі жаратылыс ғылымдарының жетістіктері» деп отыратын ұстазымның қазаққа тәнті дүниетанымын тіл байлығымен сабақтастыра жаратылыстың санатын қалыптастырыған ұлттық болмыстық белгілерін діліне тәнті ұстанымдарындағы ғылыми ислами қағидаларының әдет-ғұрыпқа айналу табиғатын тап басып дәлдік мәнін ашатын ғұламалылығы тындаушысын сүйсіндірер еді. Осы қасиеттерінің бәрі айтылған өсиеттей ғалымның жазғандарында түгелдей табылатындығы А.Машани ойшылдығының өзіндік қыры демекпін.

Әдette қандай бір тың ойдын ғылыми негіз табуы – болмыс шындығына құман тудырмайтын ақиқат кепілі делінеді. Осыдан келіп тек ғалым ғана тағынар: ойшыл, ғұлама, энциклопедист делінетін мақтау-мадактаудан ғөрі ғұламалықты риясыз еншілейтін атақ-данқы туындалған жататындығы.

Ақжан хазіреттің «Шанырағын» зерделей отырып, қазақтың ұлттық сипатын анықтайтын тәрбие бесігі – шанырақ емес пе екен деген ойға төніректей бердім. Айтты-айтпады: Тұранның Қара шанырағы қалды делінетін далалықтарға-қазаққа тәнті мәдени мұраға айналған ұлттық құндылығымыздың бастауы – шанырақ көтеріп, уық шаншып, кереге жәйіп, дүниенің төрт бұрышын мезгейтін тұндік жабылған киіз үй шанырағында ұя салмады ма екен! Тілегі – тіршілігі, бүтін адами әрекетінің бастауы сол тұндіктің астында басталды емес пе...

Осыдан 40 мың жылдай бұрын адамзаттың басынан кешірген соңғы мұз дәуірінде қазақтың Каспий ойпатынан шығыска қарай созылып кететін – бүтін құрлықпен салыстырында тоқымдай құрлығын – жерін мұз мендей алмағандығын геологиядан білеміз. Басқаларды қайдам, қазіргі қазақ жері тұрғындарының – олардың тегіне өшпес із салған аяздан бас сауғалар – жан сактар жері – үйі – тас үнгірлер болды. Сол тас дәуірінде – мұз дәуірінде қазақтың үнгірлік ғұмырын айқындар белгілерді бүтін де аңғару киын емес: Тілімізде

небір қарандылықты – «тастай қараңғы» деп мұздаи мен қаттылықты – «тастай» деп жататын теңеуімізді бізге ешкім үйреткен жок, сол тас үнгір дәуірінің санамызда сакталып қалған өшпес ізі болса керек. Және жас бала – нәресте енбегінің қатайуының «тас» деген сөзге тілі келгенде болатындығы да тас дәуірден қалған сарқыншак ескерткіш демекпіз.

Суықта пана болған тас үнгірде тастан аңшы қаруы жасалынды, шақпақ тастың – ұшқыны адамзат мәдениетін дамытқан от жалынын берді. Соққыдан үгітіліп мұқалмас тас қасиеті, не бір соққыдан сынбай қайырылып-майырылып қалса да түзетіліп, қалпына келетін тастың ендігі бір қасиетті түрі – алтын, мыс, корғасын тәрізді метал-мағадандары да осыдан 6-7 мың жыл бұрын-ак бүгінгі казак даласын мекендерген халықтың мағадан тасты танып, оны өндіріп, балқыту технологиясының бастауына айналды. Бұның бәрі Тас дәуіріне жалғаса жатқан Қола дәуіріне әкелінгені бүгінгі ғылымның белгілі жәйттары. Тас үнгірдің күмбезденіп бітетін төбесінің беріктігі табиғаттың күмбездік құрылымын – бүтін аспан күмбезі құпиясын ашуға – Құн мен Айдың алмасуын аңғартуға – киіз үй құрылсызының жұмыр болып, шаңырағы сол күмбез қасиетін сактау қажеттігін туындарқан ойшылдық істің алғашқы жемісі емес демейтініміздің өзі шын мәнінде мәдени мұрамыздың бастауы шаңыракпен сабактас емес пе еken деген саяул туындары күман тудырмасы как. Сол Бастан – бастанқы мәдениетіміздің мәйегі болды деген ойды енді ғалым А.Машанидан тыңдал көрелік.

«Кара шаңырак» такырыбымен берілген «Шаңырактың» екінші тарауында: «Кара» деген сөзді автор – «ескі көз, мұра мағынасында алуға болады» дей келіп ойын былайша тарқатады: «сонымен катар және соған байланысты оны қарауылшы, күзетші, корғаған – қамкоршы мағынасында тусянуге болады...» деп түйіндейді.

Демек, киіз үй – шаңырак асты: қазактың рухани құндылықтарын туындарқан, оны үйдіктан – дамытқан, бүгінгі мактан етер, әрі өзге ұлттан даралайтын – ұлтымыздың бүкіл өркениеттегі өзіндік үлесі мен орнын саралайтын мәдени мұраларымыздың экспонаттарын жасауға «қамкоршы» болып шығады емес пе?! Мендері мәдени мұраларымызды жасаудағы

бастауы: шаңырақ жасаудан, оны тұтынудан басталмады ма деген ойтүрткі идея осы болды.

Одан әрі Ақжан ғұлама: «Шаңырақ қазақ киіз үйінің төбе шенбері – деп бүгінгі құрылыс тілінде ойын былайша дамыта түседі: – Шаңырақ шенберінің үстіне айқыш-ұйқыш орнатылған кішкене шатырша күмбезі болады. Оның аты құлдіреуіш. Құлдіреуіш негізінен ұш-ұштен алтау болады...!.

Мұндай жіктеуді оки отырып, ғұламаның «Шаңыракты» – киіз үйді көрушілерден көрмеген ұрпак санының асып жығылатын XXI ғасыр окушыларына арнап жазғандығын аңғару кын емес. Әйтпесе: шаңыракта ұштен айқасқан екі топ құлдіреуіші болады десе де жетіп жатар еді-ау... «Киіз үйдің осы құрылысында зор шеберлік мәдени мағына жатыр – деп сабактайды ойын ғалым: – оның арғы жағы аспан шырақтарына – астрономияға соғады».

Күн, Ай, Жер тәрізді ірі аспан дүниелерінің тұрпаты шар тақылеттес жұмыр келетіндігі – киіз үй құрылымына берілуі әрине кездейсоқтық емес. Бұл – оны жасаушыларының мәдени шенберінің қаншама көндігін дәлелдесе керек. Мұны Ақжан хазірет: «Шаңырак үйдің төбесі болғанда ол төбедегі Көк күмбезінің төбесін де бейнелейді. Шаңыракты құрметтеу осыған барып соғады...». Міне Қара шаңырактың қасиеті.

Расында да қасиеттілікті, киелікті білдіргіміз келгенде «Қара шаңырак» ұғымынан оның шынайы мағынасын аңғару енді кын емес. Демек, Ақжан хазірет асқан–тасқандарға, орынсыз құпінетін мактандашақтарға «Құдайына қара» деп тоқсауылдық тобасына келтіретін «Шаңыракқа қара» деген ескертпемен шектелетіндігіміздің сырын – Тәнірдің жаратқан дүниесін зерделемей тұрып сәуегейлік жасамауды, астамшылыққа бармауды о бастағы ата – тегінің болмыстық ғұрпын калыптастыруға пана болған шаңырак атымен тоқтау салудың философиясын аңғару кын емес. Бұл жерде «қара» етістігін қасиеттілікті бейнелейтін заттық – сындық есімдерімен алмастырылуы да тегін болмаса керек. Мәселен: «Қара тау», «Қара аспан», «Қара+ау», «қара+сын», тұрпаты түйедей болмаса да малдың бір түлігін «ірі қара» деп те, «қарауыл төбе», «қарауылшы», «қарайған» сөздері, атаулары «Қара шаңырак» деген қасиет арқалаган ұғымнан тарамады ма деген ойға жетелейді.

Фалым үш-үштен айқастьыра салып бекітілген шаңырак күлдіреуішіндегі торқалы 9 санымен сабактасатын тоғыз ұялы ғажайып шаршының геометриялық мәнін, талдау кезінде түрлі сандар әлемінің «қайнаған» оргасына апарады!

Зерттеудің «Шаңырак» атауын тағына тұрып, оның үштен біріндей көлемін «Бастау» тарауына қалдырылуы ғұлама зерттеуінің тек А.Машаниге тән Әл-Фарабиын танытудағы, ұлы бабаның философиялық трактаттарын танудағы ғылыми ислами тұғырнамалық тұжырымын көнекті түсетін маңызын айту бізге парыз деп білеміз. Осы ретте осы жолдың авторы көзі тірі кезінде рухани ұстазының «шығармаларына өзгеріс енгізетіндей авторлық құқысын» мұра еткен «Сенім хаты» негізінде «Бастау» тарауын Құран Кәрімнің Бас батаға, ондағы 4 сөзіндегі 19 әріп таңбаларының 786 сандық мәнінде түйілген барлық істің Аллаһ атымен басталатындығы анықтайтын және «бәрінің үстінде 19» деген айатына үндестіре редакциялап сол тараудың тақырыбын «Бәрінің үстінде 19 бастау» деп өзгертуді жөн санаған шешімін оқушысына ескерте кетуді жөн көрдім. Сөйтіп ғұламаның «Шаңырак» атымен жазған зерттеуінің бастауының эпиграфы етіп алған Шәкәрім қажының «Бұлақты жаратқанға жалбарынып, Аршығанға «рахмет» деп шулап жатқан» – сөз мағынасымен сабактасатындығы «Бастауды» – 19 санымен кіріктіруінің ендігі себебі осылайша туындағы.

«Шаңырак» топтамасына енген «Ажар ана және бал ара» хикаят тақырыбының – дінімізден зәредей қабары бар оқушыны әңгіме «Қағыбаның» қасындағы зәм-зәм бұлағы жәйлі екендігіне шүбаландырмасы анық. Егер Қағыба қара тасына арналған Ғибадатқананың «зәм-зәм» бұлағының көзі ашылған соң салынғанын ескерсек, ғалымның сөз-басындағы: Тәнірінің әмірімен болған мұғжизалы жәдігерлері – алты қырлы ара үясы мен алты шаршы Қағбаны салыстырып қараныз «деген толғанысы» оқушысына ерекше ой салары хақ. Осындайда әлемдік мәдени мұра қазынасы 1001 түндегі «Евклиді сен үй салуды арадан үйрен» деген жолдар еске оралады. Құрылышы берік, әрі сиымды бала арасы – омарта құрылышына Қағба текшесінің құрылымдық үндестігі көп нәрсөні аңғартса керек.

Бір кезде құндақтағы сусаған Исмағұл үшін «зәм-зәм» бұлак көзі ашылған жерде енді оның әкесі Ибраһим пайғамбар бен Қағбаны салуға қажет бес таудан тас әкеліп, Қағбадағы кара тасты да жеткізген Исмағұл екендігін кім білмейді. Немесе Маруа-Сафа тауларының арасында жеті рет зырқағып жанұшыраған Ажар ананың кейпін кім көзіне елестептейді! Маруа тауына жеткенде «Алғашқы түскен жеріңе бар» деген Жебірайыл періштенің дауысын ести сала нәрестесі жатқан жерге келгенде баласының қасынан сұы шапшып жатқан бұлақты қөрген ананың «зәм-зәм» деген сөз аузынан шыққан. Ананың қуанғанда жан жүйесін жарып шыққан осы жалғыз ауыз сөздің өзіне Тәңірім талай ғажап, сырларды сидырған дей келіп Ақжан хазірет алғашқы сырдың тізгінін обжад есебіне ұстатағады.

Ақжан хазірет ғұмырының соңғы оншақты жылдарында жазған мұраларын парактайды, әл-Фараби бабасының ізімен ғылыми ислами негізінде заттың сандық мәнін ашуда – АБЖД есебіне қол артқанын аңдау қыын емес.

Міне, әбжад ережесіне салғанда зәм-зәмның екі әрпінің бірі «З»-7 екіншісінікі «М»-нің мәні -40. Көбейтіндісі  $7*40=280$ . Бұл не. Бұл нәрестенің ана құрсағындағы 9 ай 10 күн ғұмыры. Яғни  $9*30+10=270+10=280$  күн.

Ертеден қалған түсінік бойынша нәрестенің ана құрсағында жетілуіне 7 хат көктің теңдей әсерін көрсетер сан бұл. Яғни алғашқы 40- күн – Ай қарамағындағы, екінші 40-күн – Айқызы, үшінші 40 күн – Шолпан, төртінші 40 күн – Күн қарамағындағы кезендер. Бұдан әрі нәрестеге жан біте бастайды. Бұл Арай, Шоңай, Санжар көктерінің қарамағындағы кезендер. Бұл бір. Екіншіден «зәм» - сөзінің сандық мәні  $47=7+40$ . 47- Мұхаммед сүресінің реттік саны және Ай металы күмістің салмағы – 47. Айдың ислам туы екендігін, мешіт мұнараларындағы бас белгі екендігін еске алайықшы...

Оқушы «Ажар ана» хикаятынан қазақтың «Абак» сөзінің мән-мағынасына да қанығады. Абахан-Абак... «Ат байладым Абаққа, жүзім салдым табаққа».. Ақжан хазіреттен осы сөздің түсінік-ұғымын есту, оның астрономиялық, діни-философиясын ашу нағыз ғұламалық қырын, оның заттық атауларының сандық мәнімен сатылап анып береді. Түркі-қазақ сөзіндегі

терен ғылыми ұғымның найза бойламас теренінен тыныстайтын әсерден есте арылтпайды-ау, арылтпайды.

Тақырыбы басқа, көтерілген танымдық мәселесінің тың ой туындатар ұғымдары ғылыми ислами тұрғыдағы болмыстың өзіндік бағыты бола тұра, жинаққа енген «Ғалами Жәдігерде» окушы «Абак» сөзінің түсінігіне каныға түсіу Ақжан Машани зерттеуінде он сегіз мың ғаламның Жараташысының ортақ екендігін, яғни ғаламы заңдылықтың бір тубірі егіздік-сегіздік қағидасын тануға мезгейтіндігін бірден айта кетпекпіз.

Бір бұл емес, казак түсінігіндегі 12 мүшел, 7- аспан қосындысының 19-ға келіп соғуы жәй арифметика емес. Мысалы Құн есебі бойынша жыл – 365, 24 тәулік, Ай есебінде – 354, 36 тәулік. Осыларды тенгеру үшін 19 жылдық дәуір алынатыны белгілі. Сонда екеуіндегі Ай саны 235 болады. Ол үшін  $12*12+7*13=235$ . Яғни 7 жылға қосымша ай қосылады ( $12+1=13$ ). Сонда есеп 354,  $36/12*235=29,53*235=6939,55$ . Демек, орта есеппен екеуі болады – 6939,6. Бұдан әрі окушы «Өліара құн» ұғымының астрономиялық мәнін ашқандай әсер алады.

12 мүшелдің атаулардың әр кайсысының арқалар өзіндік қазак ұғымындағы ғылыми негізіндегі мәнінің соншама терен сыр арқалауы окушысын бей-жәй қалдырмасы анық. Мысалы Барыс-Арыс, мұның арабша «Жауза» (Егіз) атауының сандық мәнін ала отырып Ақжан хазірет «Қазақ» атауының сырына, бұған коса «үш жұздің –Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс – үш атаның аспандық мәнін Құннен бері жатқан: Ай, Айқызы және Шолпандармен сабактастыруының ойтолғақтық мағынадағы маңызын анықтары талассыз.

Осындағы ойтолғамның өзегінде өрілген ой дүниенің егіздік-сегіздік заңдылығының ауқымында анықталып отыру «Ғалами Жәдігердің» бастапқы тарауының «Егіз-сегіз» атауымен ашылатындығынан аңғару қын емес.

Хикаяттың «Аллаһ мықты жаратқан «сегіз батыр»» деген ұлы Абайдың сөзін эпиграфтың сырьы кітаптың жарым бөлімін алатын зерттеуде ғаламның егіздік-сегіздік заңдылығы негізіндегі қағидалармен дараланады.

Құран Кәрімнің 6-сүресі 143 аятында құрбандық шалуға жарайтын малдың екі екіден (жұп) сегіз түрін жаратылғаны

айтылады. Олар: қой, ешкі, сиыр және түйе. Мұны Қағбаның - текшениң 8 төбесі деп қарастыруға бола ма? Ай текше Жердің белгісі – рәмізі ғой...

Сегіз табиғи заңдылық. Мысалы Менделеевтің периодтық жүйесінің әрбір тік қатары сегіз элементімен шектеліп, қайталаңып отырылады... Абайдың «Сегіз аяғын» алайықшы... Егіз-сегіздің аяғы сегіз, сегіздің аяғы семіз – халқымызға осыны кім үйретті. Осы тұста «Ертөстік» ертегісі еске түседі. Жауға кеткен малын іздеуге шыққан балалары қабарсыз кетеді... Ана құлдіреуіште – құнтіреуіште қақталған төстікке жерік болады. Ертөстік дүниеге келеді, ер жетеді. Оның алдынан сегіз аяқты жириен айғыр шығады. Қазақ ұғымында сегіз саулемен берілетін Күн – Жириен айғыр емес пе?

Ақжан хазірет «Ғалами Жәдігер» танымдық діни хикаятында Абақ деген түркі сөздің араб тіліне еніп «миғраб» мағынасында қолдану себебін де ашады. Мұны Құранда құрбандық шалатың егіз-сегіз мал түріне сай жасалғаны ғалымның тұжырымынағана тоқталсақ жеткілікті болар.

Бұл ретте ғалым текшеге қатысты  $6+2=8$  теңдікті кеңінен талқылайды. Яғни ол егіз-сегіз ұғымын құрбандық үшін аталған малдар түлігімен сабактастырады. Бұл жерде ашатұяқ (кос-жұптық) ұғымы – үш пар түлік атаянына қоса, яғни: қой (қошкар-саулық), ешкі (шыбыш-теке), сиыр (құнажын-бұқа), бәрі –  $3*2=6$ . Түйенікімен (інген – бұра) 2 пар, болады.  $6+2=8$ . Себебі түйе ашатұяқты түлікке де, дөңгелек тұяқты жылқыға да жатпайды. Түйе табанының: басы екі айыр, табаны тұтас жалпак келеді. Демек, Құранда айтылған құрбан малының төрт түлігі үш және бір пар – жұп болып бөлінеді. Галами болмыста түйе: Желмая, Аруана – мұғжиза іспетінде қаралады деуі негізсіз емес.

Ақжан хазіреттің құрбан шалу парызды адами адаптациясы ақиқат екендігін Абайдың мына келтірген өлең жолдарынан іздеуі бекер емес.

*Егіннің ебін  
Сауданың тегін  
Үйреніп ойлан, мал ізде.  
Адал бол байлықты тап  
Адам бол мал тап  
Қуансаң қуан сол кезде*

*Біріңді қазақ бірің дос  
Кормесең істің бәрі бос.*

Абайдың осы сегіз аяқ өлеңі, әні, мақамы Құранның егіз-сегіз қағидасына дәл келетіндігін ғалым қалт жібермейді. «Буыны сегіз, Алтауы егіз ұшан теңіз екеуі» яғни А.Машанидің үнемі оралып, пысықтап, діни ұғымымызды кеңейтуде ғылыми ислами негізін 26 немесе 8–2+6 тендігінен таратуын Абай данадан тапқанына қуанасын.

Осы ретте ғылым тарихындағы қоян есебі делінетін есепке тоқтала кеткен ләзім. Бұл Кімдікі – еді деген сауалдың кертартпа «Еуропаорталық» ұстанымы екендігін А.Машани еңбегінде жиі ұшырасуы тегін емес. Есептің мәні әр бір сан алдынғы екі санның жиынына  $2+3=5$ ,  $3+5=8$  т.б. болып бір жыл ішіндегі үш ай сайын көжектейтін қоян санын анықтау. Еуропада мұны Леонарда Пазанский (1180-1240ж.ж.) – Фибоначи есебі делінеді. Ал, шын мәнінде ол мұны экесі италяндық Боначи Алжирде – араб елінде болған саудагер, Мысырда болған кезеңде арабша оқыған кезінде үйренген. Ол кейін Италияға оралған – есейген кезде латын тілінде «Абақ кітабын» жазған. Ғалым А.Машани бір жылда 376 жететін қоян санын  $4*8=94*4$  тендікке жіктей отырып, дүниенің сегіздік заңын, Ай металы 47 күмістің салмағын жүптап және 94-сүре атауымен сабактастырады. Бәрінен Абақ – оттың – санының (есебінің) шыққан елі Тұран екендігін дәлелдейді, және Абақтың араб тіліне – миғраб атауына айналғандығын зерделейді. Кейінгі кезде Абақ сөзін де, қоян есебін де Еуропалықтардың меншіктеуін «зор қиянат» деп назаланады.

Міне: қазақ қауымына етene таныс шаңырак, зәм-зәм, ара ұясы, 12 мүшел, 7 көк абақ тәрізді ортак ұғымдардың ғылыми ислами қағидалары арқылы жаңадан танымдық туындалуы бірінші кезекте ұлы бабасы қолданған әбжад есебінің құпиясын менгеруге ұмтылдыраар қүші және ғұлама Акжан Машани зерттеулерінің табиғаттан мағлұмат беретін танымдық сыры осылайша жалғаса береді.

*Шәмшиден АБДРАМАН  
профессор*

# ШАҢЫРАҚ

## Бәрінің үстінде 19 – БАСТАУ

«Өкінбей, өлем демей өрге басқан,  
Ерінбей тас бұлақтың көзін ашқан.  
Қанып тұр бүкіл ғалам сол бұлақтан.  
Сузыған гылым іздеп шар тараттан.  
Бұлақты жаратқанга жалбарынып,  
Арышығанга «рахмет» деп шулап жастқан».  
(Шәкәрім).

Сөз басы, есеп басы АБЖД болғанда ол алғашқы төрт әріп – төрт сан: А=1, Б=2, Ж=3, Д=4 жиыны болады 10, қеміл-толық сан: 1+2+3+4=10.

Осы он санын зат ретінде алып қарасақ, әр заттың бөлшегі ең кемінде 3 нокаттан (орыннан) тұрады. Егер осы үштік санда екі есе егіз етіп қарасақ, ол болады  $3 \times 2 = 6$ . Егер олардын алтауын кішкене шеңбер етіп, бір үлкен шеңбер түрінде тізетін болсақ, ол үлкен шеңбердің ортасында тағы бір кіші шеңбер орын алады. Демек үштіктен кейінгі екінші сан болады.

Осы екеуінен толық АБЖД саны шығады. Оны былай жазамыз:

$$1+2+3+4=3+3\times 2+1=3(1+2)+1=9+1=10.$$

Мәнді санның барлық шегі үштіктің шаршысы. Яғни:

$$3^2 = 3 \times 3 = 9 \text{ тоғыз торқалы сан.}$$

Он оймақ, оймақ. Айналыс он сан. Осыдан келіп 19 саны шығады.

$$9+10=\frac{10}{9}; 19$$

19 санның мәнді жиыны 10 және 9 он:  $1+9=10$  Осы 19 саны ерекше сан.

Бұл *Бисми Аллаһ ал-рахман ал-рахим дүғасындағы* әріп саны. Ол әріптердің екі түрлі таңбасы және екі түрлі сандық мәндері мыналар:

Жиыны	19	18	17	16	15	14	13	12	11	10	9	8	7	6	5	4	3	2	1
19	م	ى	ح	ل	د	ا	ن	م	ح	ر	ك	ا	ك	ل	ل	ا	س	ب	
	М	и	х	р	л	а	н	м	х	р	л	а	h	л	л	а	м	Б	
786	40	10	8	200	30	1	50	40	8	200	30	1	5	30	30	1	40	602	
84	4	10	8	8	6	1	1	4	8	8	6	1	5	6	6	1	4	02	
89	37						28					18			6				

Сонымен әрбір дүғаның алдында айтылатын: «Аса қамқор, ерекше мейрімді Аллаһтың атымен бастаймын» деген сөйлемнің арабшасы төрт сөзден, он тоғыз әріптен тұрады. Олар мыналар:

$$\begin{aligned} 1) \left( \frac{1+2+3}{4} \right) & \quad 2) \left( \frac{4+5+6+7}{4} \right) & \quad 3) \left( \frac{8+9+10+11+12+13}{6} \right) \\ 4) \left( \frac{14+15+16+17+18+19}{6} \right) \end{aligned}$$

$$3+4+5+6=19.$$

Олардың жиыны және сандық мәндері:

$$\begin{aligned} 1) 1+2+3=6 \\ 2+60+40=102 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} 2) 4+5+6+7=22 \\ 1+30+30+5=66 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} 3) 8+9+10+11+12+13=63 \\ 1+30+200+8+40+50=329 \end{aligned}$$

$$\begin{aligned} 4) 14+15+16+17+18+19=99 \\ 1+30+200+8+20+40=289 \end{aligned}$$

Жинақтайды:

$$\left. \begin{array}{l} 1) 6+102=108 \\ 2) 22+66=88 \end{array} \right\} 28+168=196$$

$$\left. \begin{array}{l} 3) 63+329=392 \\ 4) 99+289=388 \end{array} \right\} 162+618=780$$

Осы төрт сөзді құраған сандардың әрқайсысында зор мән бар. Кіші абжд бойынша бұл төрт сөздің сандық мәні:

$$6+18+28+37=24+65=89.$$

Кейінгі санға Ай санын қосамыз:  $a=1$ ,  $i=10$   $A_i = 1+10=11$

$$89 \pm 11 = \left\{ \begin{array}{l} 100 \\ 78 \end{array} \right. ; \quad 100 - ( \text{К} ), \quad 78 - (\text{ғадад})$$

Екі АБЖД сандарын қосамыз:  $976 \pm 89 = \left\{ \begin{array}{l} 1065 = 71 * 15 \\ 887 = 847 + 40 \end{array} \right. ; \quad 71-15- \text{А+Л+М-тас.}$

$$71 * 15 = \frac{142}{2} * 15 = 284 \frac{15}{4} = 568 \frac{15}{8} \text{ Нота}$$

$$\text{немесе: } 1065 = 71 * 15 = \frac{5}{4} * 284 * 3 = \frac{5}{4} * 142 * 6$$

Мұндағы

$\frac{5}{4}$  (Шолпан нотасы); 142- Сүнбіле; 284- Ғұарағад (Айқызы-Фараб) 3-Уш жұз;

6- Алты алаш;

1. Осында келтірілген қысқаша шолуда ғаламның кілті жатыр деуге болады. Ол мәселелердің әр қайсысына арналған сибектер бар. Мысалы Пәкістан ғалымы Ахмед Дидал 1979 жылы: «Құран ұлы мұғжиза» атты кітап жазып шығарды. Оның негізгі мақсаты айтылған 19 санның Құран ішінде алатын орнын көрсету. Құранның баскы сөзі 19 әріптен басталса, ақырғы сүрелер саны 114 яғни алты есе 19 санымен аяқталады. ( $19 \times 6 = 114$ ). Құранда «Оның үстінде он тогызы» деген арнаулы аят бар. (74-суре, 30 аят). Осының кай мағынада ұғуға болады? Осы 19 Құранның көп аяттарын ишират, шарғты белгілермен

(эріптермен) берілгенін дәлелдейді. Ол өзі құрделі есеп. Оны талдау үшін электрондық есеп машинасын қолданған. Мұның бәрі адамның қолынан келмейтін ғажап құбылыс (мұғжиза). Демек Құран ұлы мұғжиза деген қорытынды шығады. Айтылған кітап көп елдерге тараған. Соның түрікше аудармасымен біз танысып отырмыз.

Біздің көп жылдардан бері айналысып келе жатқан зерттеулеріміздің негізі әдісі ғылыми киас әдісіне сүйену, ғаламның құрылыстық негізіне сүйену.

Осы жолда 19 санымен біз де кездесеміз. Бірақ біздікі басқа табиғи – ғылыми негізде. Осымен байланысты біз 19 әріпті дұғаны 4 сез негізінен алып қарамақпыз.

Сонымен қатар 19 санының өзін біз табиғи – тарихи мағынада былай қараймыз. Мүшел жүлдyz саны 12, көктердің және жердің қабат саны 7. Осыларды қоссақ болады:

$$12 \pm 7 = \begin{cases} 19 \\ 5 \end{cases} \quad 19 \pm 7 = \begin{cases} 26 \\ 12 \end{cases}$$

осындағы тамаша сан - 26 темір саны. Ол болса қазактың Темір Қазық түсінігіне апарады. Ол ең көп тараған, ең берік, магнит қасиеті бар зат. Демек сол арқылы барлық табиғи заңға қол созуға болады. 19 саны Құранда айтылған болса, темірге арналған Құранда ерекше сүре (57- алхадид) бар.

Осы темір мәселесіне келгенде діни, ғылыми және халықтық тарихи үш тарау бас қосатын түрі бар. Әсіресе қазактың қазыналы тілінен көп мағына шығатын түрі бар. Сол себепті біз бұл еңбекті *Шаңырақ* атадық. Қалған ойды окушы өзі қосар.

2. Төрт таған – төніректің төрт бұрышы немесе Жер заттарын құруышы төрт тек (от, су, жел, жер) мағынасында алуға болады. Таған деген сөзді бәлки: *Тақ* - орын, *ан* - аспан мағынасында алуға болады. Қазактың «төрт дегенім төсек» дегені сол орын мағынасында ғой: «Жер адам төсегі».

Төрт тағанды шаршы деп алып, алты шаршыдан текше (куб) құрауға болады. Ол Қағбаның бейнесі, ол Жер тегінің бейнесі, темір саны.


Текие саны мен он тоғыз сандарының байланысын түсіну үшін 1-суреттің қараның үстінгі сол жакта (а). Бұл өрнек математика ғылымында белгілі нэрсе. Оның мазмұны ортага 5 санын койып, соның айналасына 18 үяға 18 санды орналастыру. Сол орналастыруданы мақсат бес орындан тұратын үзын үш бағытта сандардың және айнала шеңдердегі үш орындағы сандар жиынын тұракты сан 38 болу керек:

$$18+1+5+4+10=3+7+5+8+15=9+6+5+2+16=38$$

18+11+9=9+14+15=38 (т.б.)

Тек осылай ғана орналасқанда айтылған шарт орындалады, басқаша койылса орындалмайтын болса керек.

1-суреттің он жағында (б) айтылған өрнектің текшемен катысы көрсетілген. Мұнда 5 саны текшениң төбесінде, үзын үш бағыт текшениң үш қырымен (кабыргасымен) байланысты. Басқа сандар текшениң жактарына орналаскан. Сонымен үш жакта төрттен сан бар; үш қырдан екіден сан бар, төбеде біреу (5), барлығы болады:  $3 \times 4 + 3 \times 2 + 1 = 12 + 6 + 1 = 19$ .



1-сурет

Алғашқы өрнек бойынша оны былай жазуға болады: ортада біреу (5), оның айналасында 6, оның сыртында онан екі да  $6 \times 2 = 12$  барлығы болады:  $1+6+12=19$ .

Енді сол текшениң бір ғана бетін, бір ғана шаршыны алғы соны «9» ұяға бөлеміз. (2-сурет астындағы б).

Мұнда 9 сан, ортада тағы да 5 2a-сурет. Мұндағы шарт кай бағытта санаса да түзу сызық бойындағы үш саның жиыны болады 15.

$$2+9+4=7+5+3=6+1+8=2+5+8=4+5+6=15.$$

Бұл шаршының бізәл-Фараби заманындағы атақты ғатындар кітабынан алғып құрастырып пайдаланып отырмыз. Оның төрт бұрышында төрт періште және төрт тек:

- 1) Сегіз жакты (жел-Жебрайыл -246).
- 2) Жиырма жак (су- Микаил-111).
- 3) Төрт жақ (от-Газраил-318).
- 4) Алты жақ (текше- Жер-Ысрафил-382).
- 5) Он екі жақ (ортада- Жұлдыз тек).

Айтылған төрт жерлік тектер жұп сандардың орыны: 2,4,6,8. ортада тақ сан 5 (жұлдыз саны). Жұптар арасында тектердің қасиеттері - 1-сұық, 7-ылғал, 9-ыстық, 3-құрғак.

Бұл өрнектің 15 тұракты саның шығатын түрі 2-суреттің үстінгі бөлігінде оң жақ бүйірде көрсетілген. Оның өрнегі мынау:


$$\frac{n(n^2+1)}{2} = \frac{3(9+1)}{2} = 15$$

осы өрнекте  $n=4$  болса, ол 16 ұялы шаршы болады.  $n=5$  болса, ол 25 ұялы шаршы болады. Олардың тұрактылары мыналар:

$$\frac{4(16+1)}{2} = 34; \quad \frac{5(25+1)}{2} = 65$$

Осы үш шаршының біз Мысыр үшкілінің қабыргаларына салдық. Қатпарынан келетін 3, 4, 5 сандарынан жасалған тік бұрышты үшкілді ғылым тарихында Мысыр (Египет) үшкілі атайды. Екінші жағынан сол Мысырдың атақты, ғұламасы Үйдіріс пайғамбар. Ол кісінің бір нысны аты Мысатас яғни үшкіл деген сөз. Сонымен байланысты біз айттыңзар үшкіл ортасына осы сөзді жаздық. Оның сандық мәні болады

$1070=214 \times 5$ . Осымен байланысты тамаша есептер шығады (2-суретті қараңыз). Мысалы үш тұрақты сан жиыны болады:  $15+34+65=114=19 \times 6$ , яғни 19 саны алты есе. Басқасына кейін ораламыз.



2-сурет

Сонымен төрт тек, төрт қасиет- осы сегіз Жер сырына жатады. Ортадағы 5 болса, ол аспан саны (пешене, пентаграмма).

Ертедегі ғылымдар осылайша жер мен көк заттарын еki бөліп қараған. Мысалы Пифагор және оның шәкірттері мұзыка ноталарының қатынасын айтылған тек жерлік сандармен есептеген. Мысалы  $9/8$ ,  $3/2$ ,  $4/3$ ,  $2/1$ . Әл-Фараби оған ортадағы 5 санын қатыстырған:  $5/4$ ,  $5/3$ ,  $15/8$ . Әл-Фарабидың 9 шекті домбырасы деген түсінік осыған келіп соғады: дәйекті 9 санын ол тегіс колданған, сол бойынша 9 шекті аспап (Ал-Лют-домбыра) жасаган. Әр түрлі есеп шығаруда, бағытта, дөрігерліктес, ғұмар беруде осы айтылған тогыз үялды шаршы 20

қолданады. Былай қарағанда бұл өзің казақтың 41 құмалак салудағы 9 орынды үясина дәл келеді. Казак шаңырағының төбесіндегі *күлдіреуіш* (күнтіреуіш) торыда соған келеді, мүшел есебінде соған келеді. (1-сурет в) шенберін қаранды. Ондағы 12 бөлінген үлкен шенбердің айналасындағы кішкене шенберлердің қасында 12 мүшел реті, оның астында жеті хат көк реті. Демек бұл да  $19=12+7=19$

Мысалы 1/5- 1-Тышқан, 5-Арай, 2/3-2- Сыр, 3-Шолпан, т.б. Осы шенбер ішінде соған сәйкес сызылған 9-ұялы шаршы түр. Ол ұялардағы сандарға кейін ораламыз. Демек бұл арада біз 19 санының тағы бір тамаша өрнегіне кездестік. Құран кәрімнің басы 19 әріпті төрт сөзден басталса, оның барлық сүрелер саны да соны алты есемен аяқталады. Бұған алғашқы айтылған 38 санын косамыз.

$$114+38=152=19 \times 8$$

Енді 1-суреттегі шенбер ішіндегі шаршының сандарына ораламыз.

Олар жоғарыда айтылған басқы дұғаның, яғни «19» әріпті төрт сөздің сандары. Мұны өздерінің ойланып, салыстырып қаранды.

Басқаша айтқанда төрт сөздің сандық мәндерін төрт бұрышқа қойдық ( $n$ -беттегі сандар). Бұлардың жинақтары араларында.

$$618+28=646$$

$$168+28=196$$

$$618+162=780$$

$$168+162=330$$

кергіштері:

$$168+618=786$$

$$28+162=190$$

Кейінгі екі сан сол төрт сөздің мәндерін төрт ортасындағы сан былай есептелген:

$$2(168+28)+6(618+162)=196 \times 2 + 6 \times 780 = 392 + 4680 = 5072.$$

Бұлай есептеудің негізін біз мынадан алдық. Шаршының тіркелген төрт бұрышындағы  $\frac{1}{2}; \frac{3}{2}; \frac{6}{2}$ -мүшел мен 7 хат көк сандар бойынша төменгі екі бұрыш:  $\frac{9}{2}; \frac{12}{6}$  жоғарғы екі бұрыш:  $\frac{9}{6}; \frac{12}{6}$

Осы сандарды байқап карасақ 2,6 сандары айқын түр.  $9:3=3$

$$6:3=2$$

$$12:2=6=3 \times 2$$

Бұл аспанның өзінے жазылған темір санының, түзу көп факторлар санының бейнесі 26,62

$$62+26=\begin{cases} 88 \\ 36 \end{cases}$$

Жоғарыда келтірілген бес тектің сандары мынау (4-жак тетраэдр, 8-жак –октаэдр, 6-жак –гексаэдр (текше) 20-жак –икосаэдр, 12-жак–додекаэдр)

Аттар	заттар	сандар			жынын
		Жак	Төбе	қабырға	
Тетраэдр	От	4	4	6	14
Октаэдр	Жел	8	6	12	26
Текше	Жер	6	8	12	26
Икосаэдр	Су	20	12	30	62
Додекаэдр	Жұлдыз	12	20	30	62
5	5	50	50	90	190

Дүниес кураған барлық бес тектің – бес түлғаның (пешененің) жиындық саны  $19 \times 10$ , яғни айтылған 19 санының кәміл дәрежеге есленген саны болып шығуы ғажап сыр! Осы санды мен осыдан 25 жыл шамасы бұрын шығарған болатынмын. (1967-жылы «Білім және Еңбек» журналында жарияланған, 1978 жылы «Табу» кітабында тағы басқа жерлерде жарияланған).

Айтылған 19 санымен катар мұнда мені кайран қалдырған сан темір (текше) саны 26 және оның айналық сынары 62, екеуінің жиыны болады:

$$62+26=\begin{cases} 88 \\ 36 \end{cases}$$

Бұлар ғажап сандар:  $8 \times 11 = 88$  сезіз. Ай ( $10 + 11 = 21$ );  $36 = 12 \times 3$ ;  $6 \times 10 = 12 \times 30$

Шенбер мүшел – 12 және Отырарда 30 бап.

От торт жак тетраэдр өзінے өзі айналық сынарлы зат. Онан текше тағы бақалары шығады. Оған мүшел санын косса темір саны шығады:  $14 + 12 = 26$ .

Сол кезде мениң таңқалдырыған тажап алдымен «Әл-Хадид» (темір) атты 57-сүре болған. Оның себебі ал-артыл, оның саны 31. *Хадид* арабша *төмір*. Оның сандық мәні:  $x=8$ ,  $d=4$ ,  $i=10$ ,  $d=4$ , жиыны болады:  $8+4+10+4=26$ .

Яғни темір саны, текшे саны, қағба саны, қан саны, жүрек саны, «Темір Қазық» саны. Екінші жаңынан алхадид болғанда ол:  $31+26=57$ , яғни ол айтылған сүре саны, оның Құранның сурелерінің дәл ортасы,  $\frac{57}{2}=28.5$ , ол үшін 19;  $19 \times 3 = 57$ . Абайдың үш бозисе, 2-Накура санын қосамыз болады фарыздар-Қағба саны:

Осы арада келіп *екі гажсан* сан бас косады: Екі еселейміз:

$$548+538=1086=[26].$$

$$26+19=\left\{\begin{array}{l} 45 \\ 7 \end{array}\right.$$

Тамаша өрнек.

*Аллаңга шукір*. 26.V.1995.

$$45 \times 2 = 90$$

## ГАЖАЙЫП ҒАЛАМ

$$7 \times 2 = 14$$

Серіз еселейміз? Бар.  $45 \times 8 = 360$  шенбердің көрсіздері. Уа лақад атикас мен Ал-Махақкүл ал-Куран ал-газим:

(15-сүре, 87аят), “Саған қайталаушы жетінің және Ұлы Куранды бердік” деген пайғамбарымызға. Осы аяттагы сөздердің сандық мәні болады:

Ал-Хадид – *үш тоғыз* деген сөзде ғажап мазмұн жатыр. 19 саны айтылады, тағы 19 айтылады. *Үш тоғыз* санын еске алайык.

Үшкіл сырын түсінүү біздің тағдырлық ісіміз) сүресінің (54) үш болмаса жазық бет жоқ, табаншірек жоқ, зат жоқ.

Арабша сан деген сөз тағад. Оның сандық мәні болады:  $F=70$ ,  $d=4$ ,  $d=4$ , жиыны:  $70+4+4=78$  немесе *үш төмір* (хадид)  $-26 \times 3 = 78$

Біздің *үш жұз* осы мағынада, бір әл-қазық деген түсінік.

Құран кәрімде осы жөнінде талай жерде ескертілген. Мысалы, бұрын екеу (елші мағынада) жіберілген болатын. Оған тұракталмаған сонь *үшіншімен* бекіттік деген, Әуелі *үшесу*, кейін *жетеу* жиыны толық сан он деген.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (С.А.) үш мешін арасының сапары қайырлы деген. Ыдырыс пайғамбардың ныспы аты Үшкіл (Масалас) секенін көрдік. Сол үшкілдер ғаламның улгісі. Алтын = зуһас = بیز = 107+79 = 186

5. Төмір = хадид = حَدِيد = (11+9) 26+26 = 52

Сол Мысыр үшкілінде ғажап ишарат тұр. Оның үш кабырғасы барлық тұзу көп жақты бес тектің атауларынжак тұрлерін көрсетеді: үшкіл жақтылар-от, жел, су, төрт күл (шаршы) жақты –жер, бескүл жақты – жұлдыз (2-суреттің екі бөлімін салыстырып қараңыз).

Сол суреттегі өрнектерге келейік:

$$114+74 = \begin{cases} 188 \\ 40 \end{cases} = 100 + 88 = 47 \times 4 = 94 \times 2$$

Алғашқы  $114=19 \times 6$  сүрелер саны. Сол 19 саны үстерінде деген аят 74-сүреде келген.

Осы екеуінің астасқан жерінен *күміс* саны 47, *Ай* сан, «Мұхаммед» сүре саны, Замзам (94) саны пайғамбарлық сан (40). Бәрі келіп бас қосуы тегін емес. Оның үстіне темірдің екі сынары  $62+26=88$ , жұз (қыр) саны, «Қ» тағы осында. (50-сүрені қарасақ). Ол жөнінде басқа еңбекте айтылған. Оны былай талдауға болады:

$$19 \times 2 + 12 = 38 + 12 = 507$$

Бұл тұзу көпжактылардың саны екені көрініп тұр: жақ саны, төбе саны, екеуін қосса болады:

$$50 + 50 = 100 = \text{«Қ»}.$$

Пәкістан ғалымы Ахмед Дидал «Қ» әрпі «Құранның» бас әрпі. Бұл түсініктер бірін бірі толықтыруши, нығайтуышы нәрселер деп білеміз деген. Осымен байланысты 19 саны айтылған сүре санымен темір (хадид) санының жиыны сол «Қ» = 100 болуы тамаша:  $74+26=\begin{cases} 100 \\ 48 \end{cases}$

Олардың айырмасы «48». Ол қайталама сан.

$$\begin{array}{r} 8 & 4 \\ 4 & 8 \end{array} = 64 - 16 = 48$$

Мұның жеті қайталау ишараты Құранда көрсетілген.

Мысыр үшкілінің үш қабырғасын былай түсінуге болады:  $4 \times 4 = 16$  шаршы-жер. Оның тұрактысы 34. Мұхаммед (M=40) Расул Аллаh соңда, ол адам мекені алты жакты- текше. Осы екі санның шығады үстіндегі ( $19-12+7$ )

$$40 \pm 34 = \begin{cases} 74 - \text{оранған} \\ 6 - \text{жер} \end{cases}$$

Мысыр үшкілінің Үйдірыс санының, сүрелер санымен қосындысы айтылған 74 санымен 16 есе келеді. Бұл да тамаша. 16 - Ара сүресі *al-Nahl*. Оның сандық мәні  $31+88=119=100+19$ .

Бұл да бір ишарат араға ұя салдық. Аллаһ уахи қылады. Оның ұясы жоғарыда айтылған барлық формалардың тамаша негізі болып табылады.

Айтылған 14 санын 6 еселесе, яғни жер саны (алты алаш санына) еселесе болады:  $74 \times 6 = 444 = 37 \times 12 = 4 \times 111$ .

Бұл тамаша сан Ал-Тарик (86-сүренің) жиын саны.  $86+341+17=444$

Ол тахул саны, яғни ғаламның қайталau саны. Сонымен қатар 86-радон, ақырғы нейтрал газ, ол 74 пен байланысты.

$$86 \pm 74 = \begin{cases} 160 = 16 \times 10 \\ 12 \end{cases}$$

Осылардың бәрі көп ойлауды керек етеді. Басқаша жазсақ болады:  $37(86-74)=74 \times 6$

37 қатар саны, 74 санының жартысы. Мұнан шығады.

$$37 \times 86 = 74 \times 43 = 3182$$

43-көрік, ол қайталанған жеті ортасы:  $40+41+42+43+44+45+46$  ол

$$86 = 43 \times 2; \quad 74 = 37 \times 2 \quad 43 \pm 37 = \begin{cases} 80 \\ 6 \end{cases}$$

Алтай =Жер +Ай. Тұрақты 34 =  $17 \times 2$

Мысыр үшкілінің қигаш (көлбей) қабырғасы 25 ұялы. Оның тұрақтысы  $65 = 13 \times 5$

Бұны бес бұрыш жүлдyz жолы, сәуле жолы деп білеміз. Оның дәл ортасында 13, яғни ол темір санының жартысы, бір басы (Екінші басы жерде – ең астынғы сол жактағы сан). Үшкіл мен аспан шаршысының жапсары ортасында 19. Бұл да ойда болсын.

Аспан жаршы мен жер шаршысының арасын жалғастырган шарты 9 ұялы. Ол дәйекті сандар шегі, ол үшкілдің, яғни басқы тектің шаршысы:  $4+5=3^2=9$

Мұнан мынандай өрнек шығадының 4-суретте көлтірілген  
 орталық  $4^2+3^2=5^2=4^2+4+5=5^2$ ,  $4(4+1)\pi 5(5-1)=20$  лыс аят санының  
 қосамызы  $3^2=9$ , болады  
 $20+9=\begin{cases} 29; \\ 11; \end{cases}$   
 $2605+115=2800=70\times 40$ .

29-мыс үшінші; 11-аспан Шолпан, бірінші аспан (Ай).

Осы тоғыз ұялы шаршының көп қолдану себебі де осында,  
 Оның үштік саны ( $j=3$ ). Мысыр үшкілінің дәл ортасында:

$$14544+2800=7344=1836\times 4.$$

$$19+3=\begin{cases} 22=11\times 2; \\ 16=4\times 4; \end{cases} \quad 11\text{-Кос Ай}, 16\text{-Жер}.$$

Протон  $16=4\times 4$  есе. Ойлаң қараныз: ғалам заттық өзегі  
 тегінде төрт бұрышты. Оны бытай жазып бір қаралық:  
 Жердің соған сәйкес екі саны соған (мыска) тен:

$$15+14=\begin{cases} 29; \\ 1; \end{cases} \quad 6=786\times 6$$

немесе

$$30+28=\begin{cases} 58; \\ 2; \end{cases} \quad 15\text{-тас}, 14\text{-Ибраһим}$$

Бас бата алты есе, яғни ғалам алты күнде жағалған. 360  
 Кейінгі екі санды қосамызы:  $29+19=\begin{cases} 48; \\ 10; \end{cases}$  өзек сан. Бәрі орындарын  
 алған. Ол орындар жүлдіздар орындарынан шықкан. Оның  
 бәрі аспан (жарыныңда) 1+2-суреттерде көрсетілген. Ойлаған  
 адамға расында ғалами зор мүгжизә. Оның зор айт касым  
 Екеуі белгілі айтылған сандар. Жеті қайталаса болады:

Касым  $= K+C+T=100+60+40=200$  ғакыл кіші абжд  
 бойын  $7(29+19)=48\times 7=336=203+133=336$ -ал+нармыс

Жеті  $31+205+100$  екі жүлдіздың (айдын) жарылкат берілген  
 санаты  $31+305$ . Ұлы Құрандағы ғажайып бейнесі екі саннан  
 байка  $61\times 5$ . Олар 54-Ал-Камар (Ай) санатының шаршысы  
 нармыс (Ал-нармыс) Үйдірыстың тағы бір ныспы аты. Бұл  
 мәселеге кейін тағы ораламыз. Оған дейін бір керекті мәселе  
 1-суретте 19 ұялы сызықтың қалай жасалғанын қарап көреміз.  
 Жер бейнесі (темір бейнесі) текшениң бір шаршы бетін (жағын)  
 алдып қаралық. Он тоғыз орын (ұя немесе нокат) бар екенін  
 білеміз.

Оның қараша қарсы тағы тоғыз, болады 18. Қалған 4 жағында  
 екіден 8, барлығы болады  
 $9\times 2+4\times 2=2(9+4)=26$ .

Басқаша айтқанда текшениң орны –нокат саны болады: 6-жак, 8-төбе, 12-кыра, жиыны  $6+8+12=26$ .

Текше көлемді зат, оны қазық бетке, айтайық қағаз бетіне түсіретін болса оның айтылған 26 нокаты бірдей көрінбейді. Оның бір ғана жағын түсіретін болсак, оның тек 9 нокаты көрінеді. Екі жақ беті көрінетін етіп түсірсек, оның 15 нокаты көрінеді: үш қырында екіден, екі жағында төрттен, төбесінде біреу:

$$2 \times 3 + 4 \times 2 + 1 = 6 + 8 + 1 = 15.$$

Үш жағы көрінетін етіп түсірсек, сонда айтылған санның үстіне бір жақ саны 4 косылады, яғни болады:

$$2 \times 3 + 4 \times 3 + 1 = 6 + 12 + 1 = 19$$

Бұл 19 сан текшениң жазыққа түсіргенде ең көп көрінген нокат саны. Текшениң калған 7 нокаты көрінбейді, сзызық астында қалады. Оны 1-суреттегі а) көрсетеді. Оның айналасындағы 12 нокат көрінеді, ортадағы 7 нокат көрінеді. Осы кейінгі 7 нокат астындағы дәл сондай жетеу көрінбейді.

Енді осы көрінген 19 санын айтылған екі топқа бөліп қарағанда 12-мүшел (шеткі), 7 хат аспан (ортадағы) деп қарасақ. Көрінбеген 7 жер қабаты болмак.

Енді осындағы сандардың орналасуын қарайық. Ортадағы 7 сан бірден жетіге дейін болу керек те, шеткі 12 сан сегізден он тоғызға дейін болу керек кой. Негізінде соған жақын. Тек бір пар сан орын ауысқан. Олар 3 пен 8. Үш саны ішкі жетілік шеңберде емес, сыртқы он екілік шеңберге қойылған. Оның орнына 8 саны ішкі шенберге қойылған. Осы ауысу арқасында айтылған өрнектің шарты орындалған.

Бұл екі санның қандайлық өзгеше қасиеттері бар?

3-заттың басы, әуелі үш деген. Демек екі он тоғыз  $19 \times 2 = 38$  тұракты санның жол басы үштен басталу керек. Онан кейін 7 деген. Сзызыкты байқасаңыз үштен кейін айтылған үлкен жолда жеті саны тұр. Екеуі болады кәміл сан 10 деген, ол ортадағы екі  $5 \times 2 = 10$  (үстіндегі және астында). Он кейін сыртқы шеңберде болмақ санның екеуі косылып үштен орын ауысқан  $8 = 3 + 5$ .

Сонымен бір жолдың санын табамыз:  $3 + 7 + 5 + 8 + n = 38$   $23 + n = 38$ ,  $n = 38 - 23 = 15$ .

Бірінші тұрақты сан 15 –тас саны табылады. Осы есепте негіз болған нәрсе 3 санның жер мен аспанды байланыстыратын сан екені негіз болды. 2-суретті Жермен аспан шаршыларын үштік (32-9) тоғыздық шаршы жалғастырғанын көрген едік. Енді мінеки, сол сан, сол 15 дәл келеді. Сегіздің өзгешелері ол темірлік екі санның жиыны:

$$6 \pm 2 = \begin{cases} 8 \\ 4 \end{cases}$$

Осы нұсқау бойынша екінші ұзын жолды 9 саннан бастау керек (32=9). Онан сегіздің екі саны орталықтан қиас қарсы орналасады. Онан шығады:

$$\frac{9+6+5+2}{22} + n = 38$$

$$6+5=8+3=11; \quad \text{демек} \quad n=38-22=16 \quad n=(19-11)2=8*2=16$$

Қалған үшінші бағыттың бастары айтылған сандардың екі есесі:  $9 \times 2 = 18$ ,  $5 \times 2 = 10$ . Бұлардың ортасында 5 саны бар:  $38 - (18 + 10 + 5) = 38 - 33 = 5$ . Ол 1 және 4 олардың үлкенін кіші жағына ( $4+10$ ), кішісін үлкен жағына ( $18+1$ ) орналастырамыз. Сонымен, текшениң үш дәрежелі төбесінен орнатылған үш білік бағытының сандары шықты.

Сыртқы шеңберде қалған 6 сан айтылғандардың арасында. Сондықтан оларды табу оңай:

$$\begin{aligned} 38 - (3 + 18) &= 38 - 21 = 17; \\ 38 - (3 + 19) &= 38 - 22 = 16; \\ 38 - (16 + 10) &= 38 - 26 = 12; \\ 38 - (15 + 10) &= 38 - 25 = 13; \\ 38 - (18 + 9) &= 38 - 27 = 11; \\ 38 - (9 + 15) &= 38 - 24 = 14; \end{aligned}$$

19 санының осылай 19 ұяға орналасуы, оның тұрақтысы екі есе  $19 \times 2 = 38$  болуы ғылым тарихында бар. Бірақ оның қандай жолмен табылғаны маған мәлім емес. Бұл кесте сзыбықты біз аят-хадиске сүйеніп, онан әрі қарай Қиас әдісімен шығардық.

Мұндағы ең тамашасы Құран Кәрімде арнайы айтылған 19 бер 26 (хадид) сандарының тамаша қабысусы және соның ғаламда құраушы заттармен, жер мен көкті жалғастыруши тұлғалармен кабысусы. Ойлап қарасаңыз мұның ар жағында Тәңірінің талай мұғжизасы жатканын сезесіз.

Осында айтылған сандарды жалғастыратын бір мүшелдік өрнек ұсынамыз және оларды химиялық заттармен салыстырамыз.

$$2(6K+1) = n$$

мұнда  $K_i=1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8$ .

- 1)  $2(6 \cdot 0 + 1) = 2$ - гелий (He)
  - 2)  $2(6 \cdot 1 + 1) = 14$ - силиций – (Si)
  - 3)  $2(6 \cdot 2 + 1) = 26$ - темір (Fe)
  - 4)  $2(6 \cdot 3 + 1) = 38$ - стронций (Sr)
  - 5)  $2(6 \cdot 4 + 1) = 50$  қалайы (Sn)
  - 6)  $2(6 \cdot 5 + 1) = 62$  –самарий (Sm)
  - 7)  $2(6 \cdot 6 + 1) = 74$ - вольфрам (W)
  - 8)  $2(6 \cdot 7 + 1) = 86$ - радон (R)

Кестенің басы, мәні мен айғағы инерт газдың басы мен аяғына дәл келуі кездейсок нәрсе емес. Олардың ортасында ғаламның бес тұлғасы – түзу көп жақтылар сандарымен дәл келеді. Бұл әрине, тамаша табиғи заңдылық келісімнің көрінісі (14, 26,62). Қалғандары осыларға байланысты:

$$26+62=88=38+50$$

$$62+12=74.$$

Барлығы да көп тараған, тас қураушы металдар.

Мұнда бір еске алатын нәрсе, айтылған сандарға жауапты карау.

$$19 \times 2 = 38$$

$$26 \times 2 = 52$$

90 немесе  $37 \times 2 = 74$

Бұларда терен сырлар жатыр. Құран Кәрімнің 38 және 50 сүрелерде мынандай жеке әріп, мұқатағаттар бар:

38. .... c. .... 42 (90) .... (88)

$$50 \dots \dots \dots \text{K} \dots \dots \quad 42(100) \dots \quad (45)$$

Осы белгілердің сандарын жоғарыдағы сандармен байланысы айқын көрініп түр.

$$2(26+19) = 2 \times 45 = 90$$

$$62+26=50+38=88$$

$$100+90=190=19 \times 10=38 \times 5$$

Бұл екеуі де (38,50) айтылған мүшел өрнегінде ғалами бес түлғамен қатар, солардың арасында келетінін көрдік.

Бұл, әрине Жаратқан Иемнің бізге білдірген ишаралы.


Осы сандардың өз ара катысын, онъың шаршылық киаастарын көрсету үшін 3-сурет жасалды. Онда сандық есебін дұрыс табу үшін 12-мүшелдің жүлдіз берілген 7 хат аттасы арабша берілген.

Сурет астындағы табиғи сандарға көніл аударыныз. Онда Сұнбіле (142).  $142 \times 2 = 284$ . Fұтарад, т.б.

Осындай ишарат жөнінде тағы киас келтіреміз.

37-сүре – Сафар (Катарлар, 182 аят). Осы сүреле бір аят бар онда Құранға сенбеушілердің төбесінен катарлассан періштерел таралынан түскен азап айтылады. Осы аятпен олардың «ұстінде он тоғызы» деген аятын байланысы бар секілді. (Ол 74-сүре, 30-аят). Бұл арада есе болатын тағы бір нәрсе осы сүрелердің еселігі.  $37 \times 2 = 74$

Сол 37-сүреде белгілі пайғамбарлардың катерлі ауыр азаптары қабыл болған тәубалары, құрбандықтары айтылады: Ибраһим құрбандығы, Мұсаның, Жұністің судан азаттықтары. Су періштесі Микаилдұң сандық мәні 111. Ол айтылған сүре санының үшкілі  $37 \times 3 = 111$



Біздің ойымызша атом бомбасының жарылып азат алаңға тусуі соған бір ишарат сыйнды. Сол жарылыстан пайда болатын, адамдарға азап көрсететін зат (химиялық метал) стронций, оның рет саны 38. Ол өзі 19 санның *екі есесі*. Ал 37 саны 74 санының (19 айтылған сүре санының) жартысы. Демек:

$$37 \times 2 = 74$$

$$19 \times 2 = 38$$

Осыны бір ойлау керек. Құранда «ескерту берілгендер» деп отырғой. Сол есте болсын. Қазір біздер айтылған пайғамбарлар секілді шын ықыласпен зор тәубәға келсек. Тәңірім бізді жарылқар деген үміт бар.

Айтылған 37 сүремен байланысты *айтылған* бір тамаша сыйға ораламыз. 20 ғаламның қайталау есебі.

Келтірілген мүшел өрнегінде ең акырғы сан 86 екенін көрдік. Құран кәрімде осы сандағы сүре аты Ал-Тариқ, 17 аят. Оның мағынасы Тұнқатушы –Жарқыраған жүлдyz. (86,3)

Тағы сол сүреде: «әркімнің үстінде бір бақылауды бар» деген (86,4)

Демек жан иесінің жүлдyz әлемімен сәйкес екені ескертілген.

Осы сүренің жиындық саны:

$$86 + \frac{310 + 31}{341} + 17 = 444 = 4 * 111 = 37 * 12 = 74 * 6$$

Мұндағы тамаша айтылған Сафттар санына кайта оралдық. Оралған толық мүшел есе арқылы. Осында бір тамаша «каф» жатыр.

Ислам ғылымының тарихында *тахул* деген бір түсінік бар. Ол өзі Құс жолының (галактиканың) айналу есебі. Осы сөздің сандық мәні айтылған 86-сүренің жиын санына, Сафттардың мүшел есе санына дәл келеді.  $M=400, x=8, l=30$ , жиыны  $400+8+6+30=400+44=444$  осы санды «қырық» (40) деген саннан шығарамыз.

Қырық (арбағ+он) Он төрт (арбағ) ғашар.

Қазақшалағанда екеуі бір үндес болып шығады. Төрт он  
Он төрт

Бұл өзі алдына бір мәселе: ертедегі түркі тілі мен араб тілі арасында бір терең байланысты көрсетеді (оңнан солға, солдан онға карай)

Ал енді қырық деген сөздің үш бейнесін алайык:

1) АБЖД бойынша-  $400=100+200+100$

2) Жай сандық мәні 40

3) Кіші абжд мәні - 4

Жиыны 444

Бұларды жеке алғанда 400- Күн, 40- пайғамбар саны, 4- төрт таған. Екіден қоссақ:

$$440=88\times 5=(62+26)5$$

Немесе  $110\times 4$  төрт теміртас ( $\text{Fe}_3\text{O}_4=78+32=110$ )

Темірдің түрікше және арабша екі атын қосамыз.

$$640+26=\begin{cases} 666=6*111=37*18 \\ 614=307*2 \end{cases}$$

немесе =  $666=74*9$ , тоғыз арқылы 19 санына қайта оралдық.

86 санның мүшелді өрнектегі серігі 2. Ол Құранның шоқтық сүресі (ал-Бақара). Сол сүреде Ибраһим пайғамбардың күрбан шалғаны айтылады. Ол мәселе 37-сүреде толықтырылған.

Осылармен байланысты 53- Ал-Нұжым (Жұлдыз) сүресін еске алаіық.

Расында Ол «Шығра» жұлдыздың Раббы (29) деген. Бұл Расул Аллаһға Хыра тауында болған көрініс екен.

Осында «Ал-Шығра» жұлдызымен 86-сүредегі «Ал-Сақаб» жұлдыздары бір мағыналас, аспан жолының белгі, белделі шырактары деп білеміз. Оның бері адамдарға өзі тұрған мекенін үйрету. Бұл аят алғашқы келген Хыра тауындағы көрініс болса, сол тауда алғашқы келген аяттарды «оқы! (Ақра)» деп басталды ғой. 96 - Ал-ғалақ (Үйісқанқан) атты сүренің басқы бес аятты сол Хыра тауында келген. Олар мыналар: *Оқы, сондай Жаратқан Раббыңың атымен оқы. Ол адам баласын үйыған қаннан жаратқан (2) оқы, Ол Раббы аса ардақты (3) сондай қаламмен үреткен (4) Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен(5)*.

Ал-Ғалақ сөзінің сандық мәні болады:  $31+200=231$ , яғни  $r=70$ ,  $l=30$ ,  $k=100$ , жиыны:  $200=p$  яғни Алра деп келетін мұқтағат санына тең:

$$p=\text{ғалақ}=200.$$

Олар 10,11,12,14,15 сүрелерде. Ол есте болсын.

Құран кәрімнің айқын араб тілінде *адамдарға білім беру үшін жіберілген кітап* екені 43- ал-Зұхраф (Көрік) сүресінде айтылған. Сол сүреде Ибраһим пайғамбардың сөздері, істері Мұхаммад Расул Аллаһға дейін мұра болып сакталғаны айтылған (3,62 айаттар).

Ғаламның ғажайып көркі атомдардан құралған болса, сол сөздің сандық мәнін екі есесен болады атом өзегінің – протонның еселік салмағы: Ал+ Зұхраф  $a=1$ ,  $l=30$ ,  $Al=31$ ;  $z=7$ ,  $x=600$ ,  $p=200$ ,  $\phi=80$ , жиыны  $7+600+200+80+31=918$

$$918 \times 2 = 1836 = m_p$$

Кіші абжд бойынша ол болады:  $7+0+8+8+6+1=30$ , яғни Отырарда отыз бап, Айдың аялдамасы. Оның екі есесі 60 мүшелдік есеп, шеңбер есебі:  $60 \times 6 = 360$ . Ғалам алты күн (тастан) жаралған – атомнан құралған 43 саны (сүре саны).

Жеті рет қайталанған мұқаттағат сүрелер санының ортасы

$$40+41+42+43+44+45+46$$

$$40+46=86$$

$$41+45=86$$

$$42+44=86$$

Ол жоғарыда айтылған 86 санының жартысы. Бұл осы араға хм арқылы тегін келмеген нәрсе.  $хм=48$ , ол қайталауда үздіксіз:

$$\begin{vmatrix} 8 & 4 \\ 4 & 8 \end{vmatrix} = 64 - 16 = 48$$

Ал 43 санын сол бойынша алсақ болады:

$$\begin{vmatrix} 4 & 3 \\ 3 & 4 \end{vmatrix} = 16 - 9 = 7$$

Онан шығады:  $\frac{3}{4} = 0.75 = \cos 41^{\circ} 25' = 41^{\circ} 25' * 2 + 38^{\circ} 10' = 121^{\circ} = 11^2$ ;

Қанның тыныстық өзегінде қызыл түс берген *гемоглобинде* төрт *темір атомы* бар. (екі қабаттағы:  $a$ ,  $B$  қабаттары). Олардың ара қашықтығы:

$$Fe^a - Fe^a = 36A^0$$

$$Fe_e^a - Fe_e^B = 36A^0$$

$$Fe_e^a - Fe_e^B = \frac{40,3A^0}{33,4A^0}$$

Мұнда бірінші (а) қабаттағылар арасы 36 тұрақты сан. Оның  $x_m=48$  санымен қатысы

$$48+36=\begin{cases} 84 \\ 12 \end{cases}$$

$$62\equiv 26+36 \begin{cases} \frac{48}{36}=\frac{4}{3} \text{Күн Ноқат (сол екі сан } \frac{43}{34}) \end{cases}$$

Екі катет арасында тұрақты, соған байланысты жетілік есесі ( $x_m$  есе) арқылы ( $96-86=10$ ):

$$\frac{36*7}{10}=25,2$$

Екінші қабатты екі темір атомының арасы өзгеріп отырады. Қанның жүрісі, адамның тынысы осы өзгеріске байланысты.

Сол өзгерістің өлшемі айтылған екі санға сәйкес келеді.

$$36-33,4=2,6$$

$$40,3-36=4,3$$

$$40,3-33,4=6,9$$

$$\frac{48}{36}69=92=\frac{4}{3}69$$

Мұнан мынандай қатынастар шығады:

$$43\pm 26=\begin{cases} 69 \\ 17 \end{cases}$$

$$26\pm 17=\begin{cases} 43 \\ 9 \end{cases}$$

Темірдің сыңарын шығаруға болады:

$$43\pm 19=\begin{cases} 62 \\ 24 \end{cases}$$

